

FTAXP 06.71.02
ЭОЖ 338.22.021.1

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-3-116-123>

Т.А. АБЫЛАЙХАНОВА,*¹

Э.ғ.к.

*e-mail: tablaihanova@mail.ru

Ж.Б. РАХМЕТУЛИНА,²

Э.ғ.к., профессор.

e-mail: rahmetulina_zh@mail.ru

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан, Өскемен қ.

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН МОНИТОРИНГТЕУ

Андатпа


Мақаланың мақсаты – кәсіпорындардың инновациялық әлеуетіне мониторинг жүргізу мәселесін қарастыру. Қазіргі жағдайда инновациялық қызмет кез-келген кәсіпорынның бәсекелестік артықшылықтарын қамтамасыз етеді, бірақ айтарлықтай жетістіктерге инновацияларды дамыту, енгізу, сүйемелдеу және пайдаланумен мақсатты түрде айналысатын кәсіпорындар жетеді. Кәсіпорындардың инновациялық қызметіне әр түрлі өзгерістер әсер етеді, осыған байланысты кәсіпорындардың инновациялық әлеуетіне тұрақты мониторинг пен талдау жүргізу қажет. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде авторлар мониторингтің көп мақсатты ақпараттық жүйе екенін анықтады, сондықтан оны жүзеге асыру механизмін әзірлеу қажет. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін қалыптастыру, дамыту және ұтымды пайдалануды мониторингтеу тәртібі әрбір кезеңде көрсеткіштердің (индикаторлардың) жиынтығын, себептер мен туындайтын сәйкессіздіктерді талдауды, сондай-ақ нәтижелерді құжаттауды белгілей отырып, белгілі бір жүйелілікпен жүргізілуі тиіс. Мониторинг рәсімдерін орындау кезінде негізделген басқару шешімдерін жасауға ықпал ететін деректер ауқымын өңдеудің жаңа технологияларын қолдану қажет екенін айта кету керек. Мониторингтеуге қолданылатын бұл тәсіл кәсіпорындардың инновациялық әлеуетін қалыптастыру, дамыту және ұтымды пайдалану бойынша басқару шешімдерінің тиімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен, кәсіпорындардың инновациялық қызметі басқарудың негізделген шешімдерін әзірлеу үшін инновациялық әлеуеттің жай-күйін мониторингтеудің заманауи әдістері мен құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылуы керек.

Тірек сөздер: инновациялық әлеует, кәсіпорын, шағын және орта бизнес, мониторинг, технологиялар, тәсілдер, құралдар.

Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанда инновацияларды дамытудың ағымдағы көрсеткіштері әлсіз серпінді көрсетіп отыр: ЖІӨ құрылымындағы ҒЗТКЖ-ға арналған шығындардың үлесі – 0,12%-ды, инновациялар саласындағы белсенділік деңгейі – 11,5%-ды құрайды. Қазақстан «Жаһандық инновациялық индекс – 2020» (GII) индексіне 129 елдің ішінде 77-ші орынды иеленеді, GII-дегі ең жоғары көрсеткіш – адами әлеует. Келесі көрсеткіштер аутсайдерлер болып табылады: білім және технологиялар саласындағы нәтижелер (80-ші орын), креативті қызмет деңгейі (105-ші орын), яғни елдің қолда бар инновациялық әлеуетінің одан әрі дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалмай, өте тиімсіз пайдаланылады. Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы 2020 ж. баяндамасына сәйкес Қазақстан 55-ші орынды иеленеді, алайда бүгінгі таңда мемлекет инновациялық критерийлердің тұтас жиынтығы бойынша көптеген елдерден айтарлықтай артта қалып отыр. Елімізге бірінші кезекте өнертапқыштықты жандандыру және зияткерлік еңбек нәтижелерін коммерцияландыру мәселелерін қамтитын инновациялар саласын одан әрі дамытудың пәрменді стратегиясы қажет.

Талдау көрсеткендей, 2011 ж. бастап 2019 ж. дейін Қазақстан Республикасында инновациялық өнім көлемі 142,1-ден 1064,0 млрд теңгеге дейін ұлғайды. 1-суретте көрсетілгендей 2010–2020 жж. инновациялық белсенділік деңгейінің көрсеткіштері мен ЖІӨ-дегі инновациялық өнім үлесі бойынша ұқсас үдерістер орын алған.



Сурет 1 – 2011–2020 жж. инновациялық белсенділік және ЖІӨ-дегі инновациялық өнім үлесінің көрсеткіштері

Ескертпе – <http://www.stat.gov.kz/> бойынша құрастырылған.

Жоғарыдағы суреттерден байқағанымыздай, екі көрсеткіш те өте төмен деңгейде. 2020 ж. Қазақстан кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі небәрі 11,5%. Экономикалық дамыған елдерде (Германия, Бельгия, АҚШ, Швеция, Италия, Франция) инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі 50–80% аралығында.

ШОБ кәсіпорындары жүзеге асыратын инновациялық қызметтің табыстылығы үшін, үнемі қарқынды өзгерумен сипатталатын инновациялық әлеуетін қалыптастыру, дамыту және ұтымды пайдалану маңызды. Өзгерістер инновацияға оң және теріс әсер етуі мүмкін болғандықтан, инновациялық әлеуетті үнемі бақылау және талдау объективті қажеттілік болып табылады.

Негізгі ережелер

Бұл мақалада біз кәсіпорындардың инновациялық әлеуетінің жай-күйін бақылау және оларды жүргізу тәртібін анықтау рәсімдерін қарастырамыз.

Әдебиетке шолу

Инновациялық әлеуетін бағалау әдістерінің мәселелерін шешу маңызды теориялық негізге негізделуі керек. Көптеген қазіргі заманғы ғалымдардың, экономистердің және саясаткерлердің шығармашылығында инновациялық әлеуетті, оның экономикалық мәні мен оны бағалау әдістерін зерттеуге ерекше назар аударылды. Н. Алексеева [1], М. Батьковский [2], Ж. Блок [3], М. Марек [4], С. Полосков [5], С. Терджесен [6] және басқа да шетелдік ғалымдардың еңбектерінде инновациялық басқару теориясының теориялық, және әдістемелік мәселелері зерттелді. Бұған дейін зерттеушілер мониторинг міндеттерінің шеңберін белгілеп, оны жүргізу кезеңдері дәйектілігінің тұжырымдамалық-логикалық схемасын әзірледі, инновациялық әлеует жай-күйінің көрсеткіштеріне (индикаторларына) қойылатын талаптарды және оларды тағайындау бойынша ұсынымдарды қалыптастырды [5]. Бірақ, мониторинг процедураларының тікелей тәртібі, сондай-ақ тиісті әдістер мен құралдарды таңдауды негіздеу нақтылауды қажет етеді.

Материалдар мен әдістер

Бірқатар дереккөздерді талдау нәтижелері [1] мониторинг рәсімдерін жүзеге асыру кезінде келесі негізгі ұсыныстарды басшылыққа алу қажет екенін атап өтуге мүмкіндік берді:

- ♦ таңдалған көрсеткіштер жүйесі инновациялық әлеуетті басқару процестерінің кешенді сипаттамасын қамтамасыз етуі тиіс;

♦ индикаторлар жиынтығы мүмкін болатын басқару әсеріне реакцияны ескеруі керек; олардың өзгеру динамикасын қадағалауға мүмкіндік беретін жеткілікті ұзақ қатарлармен ұсынылған көрсеткіштерді пайдалану қажет;

♦ мүмкіндігінше қаржылық есеп материалдарына сүйену керек, өйткені мемлекеттік емес ақпарат алу белгілі бір шығындарды талап етеді;

♦ басқа кәсіпорындармен салыстырылатын көрсеткіштерге (индикаторларға), оның ішінде есептеу әдіснамасы, өлшем бірліктері, көлемдік және бағалық сипаттамалар бойынша ғана бағдарлануы тиіс;

♦ мониторинг жүйелерін, олардың мүмкіндіктерін кеңейте отырып, оның ішінде ақпаратты талдау және өңдеу, сондай-ақ оның мақсаттары мен бағыттарын түзету арқылы үнемі жаңартып отыруды және жетілдіруді қамтамасыз еткен жөн.

Нәтижелер

Осы ұсыныстарға кәсіпорындарының инновациялық қызметінің табыстылығын қамтамасыз етуге бағытталған инновациялық әлеуеттің мониторингін жүзеге асыру қағидалары толық сәйкес келеді, олардың көптеген әзірлемелері ҚР-да ғылымды, технологиялар мен техниканы дамытудың басым бағыттары үшін маңызды.

Талқылаулар


Мониторинг белгілі бір мақсаттар мен міндеттерді шешуді қамтамасыз етуге арналған. Мониторингтің сәттілігін барынша қамтамасыз ететін негізгі қағидалар 1-кестеде келтірілген.

Ұсынылған қағидалар қажетті басқарушылық шешімдерді әзірлеу мен негіздеу негізінде жатқан инновациялық әлеует мониторингінің болжамды, талдамалық, ақпараттық және бақылау функцияларын қамтамасыз етуге, сондай-ақ инновациялық қызмет процесінде олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

Алайда, біздің ойымызша, инновациялық әлеуетті қалыптастыру, дамыту және ұтымды пайдалану мониторингінің жоғарыда аталған қағидаларын іс жүзінде жүзеге асыру үшін оларды белгілі бір дәйектілікпен, берілген көрсеткіштердің (индикаторлардың) мәндерін әр кезеңде белгілеп, ықтимал ауытқуларға негізделген рұқсаттарды ескере отырып жүзеге асыру қажет (2-сурет, 119 б.). Бұл тәсіл сәйкессіздіктердің себептерін неғұрлым сенімді анықтауға және түсіндіруге ғана емес, сонымен бірге нәтижелерді тез құжаттауға мүмкіндік береді.

Кесте 1 – Мониторинг рәсімдерін жүзеге асыру қағидалары

Қағида	Қағида мәні
Объективтілік	Жүйе ретінде кәсіпорынның жалпы шаруашылық қызметіне мониторингтің объективтілік талаптарын сақтау
Синхрондау	Мониторинг нәтижелерін өзара тәуелді жеке және жалпылама көрсеткіштерде синхрондау
Стандарттау	Бірыңғай сәйкестендіру жүйесіндегі мониторинг бағалауларын стандарттау
Бейімделу	Мониторинг индикаторлары жиынтығының қолданыстағы статистикалық есептілікке бейімделуі
Бағыттау	Мониторинг нақты мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс
Сабактастық	Нақты мақсаттар мен міндеттерді шешу нәтижелері ұқсас мәселелерді шешуде қолданылуы керек
Сенімділік	Мониторинг рәсімдерін жүргізу үшін ақпараттың жеткілікті санын қамтамасыз ету
Жеделділік	Мониторинг нәтижелері тиісті басқару шешімдерін негіздеу үшін жедел өңделуі тиіс
Ескертпе – Авторлармен құрастырылған.	



Сурет 2 – Иновациялық әлеуетті қалыптастыру, пайдалану және дамыту мониторингі кезеңдерінің бірізділігі

Ескертпе – Авторлармен құрастырылған.


Мониторинг нәтижелері тиісті ақпараттық-талдау жүйесімен қорытындыланады. Мониторинг процедураларының негізгі әдістері мен құралдары 3-суретте көрсетілген (120 б.).

Кәсіпорындар әлеуетінің мониторингі – олардың инвестициялық тартымдылығын, қаржы мен инновациялық тиімділіктің инновациялық бағдарлануын, сондай-ақ инновациялық белсенділікті бағалау негізінде кәсіпорындардың инновациялық даму деңгейін талдауды көздейді. 2-кестеде (120 б.) кәсіпорындардың инновациялық әлеуетінің деңгейін бағалау көрсеткіштері келтірілген.

Иновациялық әлеуетті мониторингтеу кезінде алынатын ақпарат ұсынылатын әсерлердің релеванттылық, тиімділік, нәтижелілік, тұрақтылық, ұтымдылық және өлшемділік өлшемдеріне сәйкес келуі тиіс. Ұсынылған ақпаратқа бірқатар талаптар 3-кестеде келтірілген (121 б.).

Жоғарыда аталған талаптардың тізімі жеткілікті шартты және қажет болған жағдайда кеңейтілуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Сонымен қатар, талаптарды орындау инновацияны жүзеге асыру тәжірибесі туралы мәліметтер базасын құруға және басқарудың негізделген шешімдерін қабылдауға жақсы негіз бола алады. Теңгерімді басқару шешімдері талдау, болжау және ең қолайлы нұсқаны саналы таңдау нәтижесі екені белгілі [7].

Кейбір зерттеушілер бақылаудың мақсаттарына қарамастан, бұл ең қолайлы нұсқаны жылдам және оңтайлы түрде таңдауға жағдай жасайтын аспаптық және ұйымдастырушылық қолдаудың кері байланысы екендігіне сенімді [2]. Осыған байланысты, мониторинг инновациялық әлеуетті басқарудың көптеген мәселелерін шешуге ықпал етеді.



Сурет 3 – Иновациялық әлеуетті мониторингтеу рәсімдерінің негізгі әдістері мен құралдары

Ескертпе – Авторлармен құрастырылған.

Кесте 2 – Кәсіпорынның иновациялық даму деңгейін талдау көрсеткіштері

Иновациялық даму деңгейін талдау кезеңі	Көрсеткіштер
Кәсіпорындардың инвестициялық тартымдылығын бағалау	<ul style="list-style-type: none"> - ағымдағы өтімділік коэффициенті; - қаржылық левиредж коэффициенті; - қосылған экономикалық құн көрсеткіші; - активтердің рентабельділік коэффициенті; - жалпы маржа коэффициенті
Кәсіпорындар қаржысының иновациялық бағдарлануын және иновациялық нәтижелілігін бағалау	<ul style="list-style-type: none"> - инвестициялық қызмет нәтижелілігінің коэффициенті; - зияткерлік меншік объектілерінің болу коэффициенті; - негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті; - инвестициялық белсенділік коэффициенті; - иновациялық дамуды қаржыландыру коэффициенті
Кәсіпорындардың иновациялық белсенділігін бағалау	<ul style="list-style-type: none"> - иновациялық белсенді кәсіпорындардың үлес салмағының көрсеткіші; - шығарылған иновациялық өнімнің жалпы көлеміндегі иновациялық өнім шығарудың үлес салмағының көрсеткіші; - технологиялық иновацияларға жұмсалатын шығындардың үлес салмағының көрсеткіші

Кесте 3 – Мониторинг нәтижелері бойынша ақпаратқа қойылатын талаптар

Талап	Талаптың сипаттамасы
Қысқалық	Ақпарат қысқа әрі артық болмауы керек
Толықтығы	Инновациялық әлеуетті сипаттайтын ақпараттың жеткілікті мөлшерде болуы
Сенімділік	Ақпарат дәл және сенімді, қателіктер мен алаяқтық болмауы керек
Тиімділік	Деректер қажеттілігіне қарай берілуі тиіс
Салыстырмалылық	Ақпарат алдыңғы талдаулардағыдай көрсеткіштерге негізделуі керек
Рентабельділік	Ақпарат алуға жұмсалатын шығындар оны пайдаланудың әсерінен аспауға тиіс
Мақсаттылық	Мониторинг нәтижелері оны жүргізудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуге тиіс
Ескертпе – Авторлармен құрастырылған.	

Авторлар [5] бұл жұмыста мониторинг нәтижелері бойынша ақпаратты жедел өңдеу, дерек-қорды толықтыру заманауи ақпараттық-талдау жүйелерін пайдалану арқылы ғана мүмкін болатынына баса назар аударады. Бүгінгі таңда ақпараттық жүйелер нарығы кәсіпорынға өз қызметін жүзеге асыруға көмектесетін әртүрлі шешімдерді ұсынады.

ҚР-да шетелдік және отандық фирмалардың ақпараттық-талдау жүйелері кеңінен ұсынылған. Олар икемділікке және әмбебаптыққа ие болғандықтан, кейбіреулерін инновацияны, инновациялық әлеуетті, сондай-ақ күрделі құрылымның басқа объектілерін бақылау кезінде құрамдас бөлік ретінде пайдалануға болады. Айта кету керек, көптеген жүйелерге ақпаратты жинау және өңдеу, талдау және болжау, деректерді визуализациялау және жариялау модульдері, сонымен қатар талдау, болжау, оңтайландыру, экономикалық негіздеу және балама таңдау нәтижелері бойынша басқару шешімдерін ұсыну кіреді.

Нарықтағы ақпараттық-аналитикалық жүйелерді сыни талдау олардың көпшілігінде қолдануға бірқатар шектеулер бар екенін көрсетті, өйткені басқарушылық шешімдерді әзірлеу және қабылдау тәжірибесі әр кәсіпорында қызметтік ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болады. Алайда, осы жағдайларға қарамастан, математикалық модельдеу және болжау бойынша мұндай жүйелердің мүмкіндіктері оларды инновацияны жетілдіруде қолдану үшін маңызды дәлел болып табылады. Сондықтан, егер стандартты бағдарламалық өнімдер тапсырмаларды шешуді қамтамасыз етпесе, онда басқа бағдарламалық құралдармен оңай өзара әрекеттесуі керек түпнұсқа бағдарламалық жасақтама қажет.

Бұл цифрлық экономика салаларын кеңейту, оның ішінде «Индустрия 4.0» тұжырымдамасы аясында шешімдерді орындау, инновациялық қызметке қатысушылар арасындағы байланыс және өнімді құру және коммерцияландыру кезінде құндылықтар тізбегін құруда жедел есеп беру үшін бірыңғай құралдарды қажет ететіндігімен байланысты.

Осыған байланысты жалпы (үйлесімді) платформада ақпаратты жинау мен өңдеуді ғана емес, басқарушылық шешімдерді орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсына отырып, оны талдауды қамтамасыз ете алатын мониторингтің зияткерлік жүйелерін пайдалану ШОБ кәсіпорындарының инновациялық әлеуетін қалыптастырудың, дамытудың және пайдаланудың ұтымдылығының әртүрлі деңгейлерінде бағалаудың ең перспективалы жолы болып табылады. Мұндай жүйелер инновациялық әлеуетті мониторингтеу кезінде ғана емес, сондай-ақ инновациялық қызметтің табыстылығын бағалау, оған тән тәуекелдерді болжау кезінде де пайдалы болуы мүмкін [8–10].

Қорытынды

Сонымен, қазіргі заманғы жағдайдағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі индикаторлардың объективті жүйесін құра отырып және қажетті жауап шараларын әзірлеумен, соның ішінде саналы басқару шешімдерін қабылдаумен, инновациялық әлеуеттің жай-күйін мониторингтеудің заманауи әдістері мен құралдарын қолданумен жүзеге асырылуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Алексеева Н.В., Барсова Т.Н., Орлова О.В. Сущность и содержание системы мониторинга промышленных предприятий // Вестник Университета: Государственный университет управления. – 2018. – № 11. – С. 68–71.
- 2 Батьковский М.А., Кравчук П.В. Создание системы мониторинга деятельности инновационно-активных предприятий // Экономические исследования и разработки. – 2019. – № 1. – С. 101–110.
- 3 Block J., Fisch C., van Praag, C.M. The Schumpeterian entrepreneur: A review of the empirical evidence on the antecedents, behavior, and consequences of innovative entrepreneurship // Industry & Innovation. – 2016. – Vol. 24, No. 1. – P. 61–95.
- 4 Matejun Marek. The effect of innovation potential on small business performance. PEOPLE: International Journal of Social Sciences. – 2017. – Vol. 3. – №1. – P. 80.
- 5 Полосков С.С., Желтенков А.В., Моттаева А.Б. Методические основы мониторинга инновационного потенциала высокотехнологичных наукоемких предприятий // Экономика и предпринимательство. – 2018. – № 4. – С. 576–580.
- 6 Terjesen S., Patel P.C. In search of process innovations: the role of search depth, search breadth, and the industry environment // Journal of Management. – 2015. – Vol. 43(5). – P. 1421–1446.
- 7 Danyang Z., Feng Y. Study on construction of standardized enterprise information management system // International Journal of Business and Social Science. – 2014. – Vol. 5. – No. 8. – P. 306–309.
- 8 Фролов Д.П. Многоуровневая иерархия экономического пространства: формирование эволюционной таксономии // Пространственная экономика. – 2013. – № 4. – С. 122–150.
- 9 Чекмарев В.В., Носков В.А. Принципиальные основы анализа экономического пространства как объекта и предмета экономической науки // Инновационное развитие экономики. – 2017. – № 5(41). – 173 с.
- 10 Рахметулина Ж.Б., Ауелбекова А.К. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетіне әсер ететін факторларды жіктеу // Вестник университета «Тұран». – Алматы, 2019. – № 4(84). – 27–31 б.

REFERENCES

- 1 Alekseeva N.V., Barsova T.N., Orlova O.V. (2018) Sushhnost' i sodержanie sistemy monitoringa promyshlennykh predpriyatij // Vestnik Universiteta: Gosudarstvennyj universitet upravleniya. No. 11, pp. 68–71.
- 2 Bat'kovskij M.A., Kravchuk P.V. (2019) Sozdanie sistemy monitoringa dejatel'nosti innovacionno-aktivnykh predpriyatij // Jekonomicheskie issledovaniya i razrabotki. No. 1, pp. 101–110.
- 3 Block J., Fisch C., van Praag, C.M. (2016) The Schumpeterian entrepreneur: A review of the empirical evidence on the antecedents, behavior, and consequences of innovative entrepreneurship // Industry & Innovation. Vol. 24. No. 1, pp. 61–95.
- 4 Matejun Marek (2017) The effect of innovation potential on small business performance. PEOPLE: International Journal of Social Sciences. Vol. 3. No. 1, pp. 80.
- 5 Poloskov S.S., Zheltenkov A.V., Mottaeva A.B. (2018) Metodicheskie osnovy monitoringa innovacionnogo potenciala vysokotekhnologichnykh naukoemkih predpriyatij // Jekonomika i predprinimatel'stvo. No. 4, pp. 576–580.
- 6 Terjesen S., Patel P.C. (2015) In search of process innovations: the role of search depth, search breadth, and the industry environment // Journal of Management. Vol. 43(5), pp. 1421–1446.
- 7 Danyang Z., Feng Y. (2014) Study on construction of standardized enterprise information management system // International Journal of Business and Social Science. Vol. 5. No. 8, pp. 306–309.
- 8 Frolov D.P. (2013) Mnogourovnevaja ierarhija jekonomicheskogo prostranstva: formirovanie jevoljucionnoj taksonomii // Prostranstvennaja jekonomika. No. 4, pp. 122–150.
- 9 Chekmarev V.V., Noskov V.A. (2017) Principial'nye osnovy analiza jekonomicheskogo prostranstva kak ob#ekta i predmeta jekonomicheskoy nauki // Innovacionnoe razvitie jekonomiki. No. 5(41), 173 p.
- 10 Rahmetulina J.B., Auelbekova A.K. (2019) Kәсіпорынның инновациялық әлеуетіне әсер ететін факторларды жіктеу // Vestnik universiteta «Turan». – Almaty. No. 4(84), 27–31 p.

Т.А. АБЫЛАЙХАНОВА,*¹

к.э.н.

*e-mail: tablaihanova@mail.ru

Ж.Б. РАХМЕТУЛИНА,²

к.э.н., профессор.

e-mail: rahmetulina_zh@mail.ru

¹Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,
Казахстан, г. Усть-Каменогорск

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Нур-Султан

МОНИТОРИНГ ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА ПРЕДПРИЯТИЙ

Аннотация

Цель статьи – рассмотреть вопрос о мониторинге инновационного потенциала предприятий. В современных условиях инновационная деятельность обеспечивает конкурентные преимущества любым предприятиям, но наиболее значимых успехов достигают предприятия, целенаправленно занимающиеся разработкой, внедрением, сопровождением и использованием инноваций. Различные изменения влияют на инновационную деятельность предприятий, в связи с чем необходимо проводить постоянный мониторинг и анализ инновационного потенциала предприятий. В результате проведенной работы авторами установлено, что мониторинг является многоцелевой информационной системой, поэтому при его реализации нужно учитывать все особенности его проведения, формировать задачи, а также разработать механизм его осуществления. Процедура мониторинга формирования, развития и рационального использования инновационного потенциала предприятия должна проводиться в определенной последовательности, с фиксацией на каждом этапе совокупности показателей (индикаторов), анализом причин и возникающих несоответствий, а также с документированием результатов. Отметим, что при выполнении процедур мониторинга нужно использовать новейшие технологии обработки массивов данных, которые будут способствовать выработке обоснованных управленческих решений. Данный подход к мониторингу будет обеспечивать эффективность управленческих решений по формированию, развитию и рациональному использованию инновационного потенциала предприятий. Итак, инновационная деятельность предприятий должна осуществляться с использованием современных методов и инструментов мониторинга состояния инновационного потенциала для разработки обоснованных управленческих решений.

Ключевые слова: инновационный потенциал, предприятие, малый и средний бизнес, мониторинг, технологии, методы, инструменты.

T.A. ABYLAYKHANOVA,*¹

c.e.s.

*e-mail: tablaihanova@mail.ru

ZH.B. RAKHMETULINA,²

c.e.s., professor.

e-mail: rahmetulina_zh@mail.ru

¹S. Amanzholov East Kazakhstan University, Казахстан, г. Усть-Каменогорск

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

MONITORING THE INNOVATIVE POTENTIAL OF ENTERPRISES

Abstract

The aim of the article is to consider the issue of monitoring the innovative potential of enterprises. In modern conditions, the innovative activity provides competitive advantages to any enterprise, but the most significant successes are achieved by enterprises that are purposefully engaged in the development, implementation, maintenance, and use of innovations. Various changes affect the innovative activity of enterprises, and therefore it is necessary to constantly monitor and analyze the innovative potential of enterprises. As a result of the study, the authors found that monitoring is a multi-purpose information system with active goal-setting, therefore, during implementation, the specifics of its implementation should be taken into account, the tasks, the conceptual framework and the implementation mechanism should be formed. The procedures for monitoring the formation, development and rational use of innovative potential should be carried out in a certain sequence, with a set of indicators recorded at each stage, followed by an analysis of the causes of the inconsistencies, documentation and interpretation of the results. In addition, the monitoring procedures should use modern technologies for processing data sets that contribute to the development of justified management decisions. This approach to monitoring will ensure effective management decisions on the formation, development and rational use of the innovative potential of enterprises. As a result the innovative activity of enterprises should be carried out using modern methods and tools for monitoring the state of innovative potential for the development of justified management decisions.

Key words: innovation potential, enterprise, small and medium business, monitoring, technology, methods, tools.